

Қ.Д. Айтқалиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
мемлекеттік университеті  
(Орал, Қазақстан)

## ҚАЗАҚСТАН ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІНІҢ ХАС ШЕБЕРІ

### Анотация

Мақалада қазақтың тұңғыш балетмейстері, қазақ ұлттық би өнерін алғашқы зерттеуші, осы мәселе бойынша диссертация жазған Қазақстан Республиканың халық артисі, өнертану кандидаты, профессор Дәурен Тастанбекұлы Әбіров шығармашылығы қарастырылады. Зерттеудің нысаны – «Жастық» (1952), «Эсмеральда» (1953), «Шурале» (1956), «Махаббат туралы аңыз» (1963), «Қарт Хоттабыч» (1968) балеттерінің қойылымдары. Д.Әбіровтің классикалық, ұлттық және балалар балет спектакльдерінің қойылымдары, либретто жасауы сол жылдардағы балет труппаларының кәсіби өркендеп өсуіне үлкен септігін тигізді және Қазақстанның ұлттық хореографиясы дамуына айтарлықтай елеулі үлес қосты.

**Түйін сөздер:** Дәурен Әбіров, хореография, Қазақстан, классика, балет, балетмейстер, либретто.

K.D. Aitkalieva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>West Kazakhstan state university named after M.Utemisov  
(Uralsk, Kazakhstan)

## MASTER OF ART OF CHOREOGRAPHY OF KAZAKHSTAN

### Annotation

The authors examine the work of the People's Artist of the Republic of Kazakhstan, the PhD of art criticism, Professor Dauren Tastanbekovich Abirov, who is the first Kazakh choreographer who received professional education and was the first researcher of the national dance who defended his thesis on this issue. The center for the study of the staging of the ballet "Youth" (1952), "Esmeralda" (1953), "Shurale" (1956), "The Legend about love" (1963), "The old Man Hottabych" (1968). Productions of classic. D. Abirova's performances of classical, national and children's ballet spectacles, the creation of the libretto helped the professional growth of the ballet troupe of those years and contributed to the development of the national choreography of Kazakhstan.

**Key words:** Dauren Abirov, choreography, Kazakhstan, classics, ballet, choreographer, libretto.

*К.Д. Айткалиева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Западно-Казахстанский государственный  
университет имени М.Утемисова  
(Уральск, Казахстан)*

## МАСТЕР ИСКУССТВА ХОРЕОГРАФИИ КАЗАХСТАНА

### Аннотация

*В статье авторы рассматривают творчество народного артиста Республики Казахстан, кандидата искусствоведения, профессора Даурена Тастанбековича Абирова, являющегося первым казахским балетмейстером и первым исследователем национального танца, защитившим диссертацию по этой проблеме. В центре исследования постановки балетов «Юность» (1952), «Эсмеральда» (1953), «Шурале» (1956), «Легенда о любви» (1963), «Старик Хоттабыч» (1968). Постановки Д.Абировым классических, национальных и детских балетных спектаклей, создание либретто помогли профессиональному росту балетной труппы тех лет и внесли определенный вклад в развитие национальной хореографии Казахстана.*

**Ключевые слова:** *Д.Абиров, хореография, Казахстан, классика, балет, балетмейстер, либретто.*

Осы жылы қазақ балет өнері елімізде ең алғаш хореографиялық бағытта кәсіби білім алған Д.Әбіровтің 95 жылдығын тойлайды. 40-жылдан бастап Қазақстанның ұлттық жас хореографиясы балет классикасын қарқынды игере бастады. Осы кезеңдерден бастап балетмейстер Д.Әбіровтің ұтымды жұмыстары бұл өнердің жандана түсуіне септігін тигізді. Жастармен жұмыс істей отырып, ол классикалық балетті игеруге бағыт алған репертуарды кеңейтуге, жаңартуға талаптанды. Сол кезде балет труппасына А.Ваганова атындағы Ленинград хореография училищесі түлектерінің үлкен тобы келіп қосылды. Д.Әбіровтің мұрат-мақсаты театрдың өрісін кеңейту және әлемге әйгілі классикалық балеттермен көрермендерді таныстыру. Оларға шығарманың түпнұсқасын мәнерлі үйлесімдік құралдармен жеткізу. Оның қайтадан жаңғыртып қойылған жұмыстарында бұрынғы нұсқаларына қарағанда, енгізген байлам-шешімдерінде шығарманың көркемдік ерекшелігі мен сипаты толық сақталған. Ол классикалық бидің тәсілдері мен балеттердің көркемдік сипатын жан-жақты қарастырды. Кейіпкерлер бейнелеріне жаңаша келіп, тарихи шындық аясында олардың әлеуметтік келбетін ашуға күш салды. Көркемдік қиялы жүйрік балетмейстер қойылымдардың танымдық мазмұнын кеңейтіп, бишілер әрекетінің нақты құбылысқа құрылуына жол ашты. Сөйтіп, хореограф Д.Әбіровтің арқасында театр сахнасында әлем балеттері пайда болды.

Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында

Д.Әбіровтің азамат соғысы жылдарындағы кеңес жастарының күресі мен өмірін бейнелейтін «Жастық» (1952) атты балеті қойылған еді. Сюжеті Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романы бойынша түзілген. Балетте ақгвардияшыларға қарсы жасырын қағаз тарату, коммунистермен құпия кездесу, халық арасында үгіт-насихат жүргізу жұмыстарын бұлжытпай орындаған жұмысшының баласы Петрдің батырлығы туралы айтылады. Сонымен қатар тыңшы ретінде жасырынып, ақгвардияшыларға қарсы соғыс бастауға белгі беретін шіркеу қоңырауының соғысы да көркемдік міндет атқарады. Оның міндеті қатты шыққан қоңырау дауысы арқылы келетін большевиктер халық көтерілісін бастау қажет.

«Жастық» – тарихи болмысты суреттейтін спектакль. Бұл біздің аталарымыздың жастық шағы, алғашқы жас кеңес патриоттары, олардың күресі мен батырлығы туралы балет. Д.Әбіровтің алғашқы қойылымы, дипломдық жұмысы болатын. Либреттосын Ю.Слонимский, музыкасын М.Чулаки жазған, суретшісі – В.Колоденко, дирижері – Е.Манаев [1].

Д.Әбіровтің спектаклі мазмұнды, әсерлі қойылған. Ол жұмысын ойдағыдай орындап шыққан. Спектакль жеңіл қабылданып, үлкен шеберлік деңгейге көтерілген. Қойылымның идеялық бағыты айқын. Жастықтың жігері нанымды ашылып, көктемнің жайма-шуақ лебіндей әсерлі. Балетте жақсы көркемдік нышан, артистік өнер, ойлы балетмейстерлік ой-тұжырым байқалды. Спектакль бұрын-соңды қойылымынан ерекшеленді. Балетмейстер өзінің редакциясында өзінің қиял көріністерін таба білді. Ол алғаш қоюшы балетмейстер Б.Фенстердің хореографиясына сүйенумен хореографиялық драматургияға елеулі ғана өзгерістер енгізді. Б.Фенстер балетте классикалық және халықтық-характерлі билерді кең ауқымда біріктіріп қолданған. Ал Д.Әбіров оның би композицияларын қалдырып, көптеген жаңа билерді партитураға үйлестіріп, дене ишарасына алмастырады. Яғни, классикалық хореографияны аз қолданып, драмаға көп көңіл бөледі. Әсіресе, соңғы актісінде қоңырауды соғу және айбынды күрес көріністері мимика, жест арқылы түсіндіріліп, ақгвардияшылардың туы құлап, ал қызыл тудың көтерілу суреті хордың сүйемелдеуімен аяқталады.

Арада аяндап тағы бір жылдай уақыт өткенде жұртты елең еткізген, тілге таяу боларлық тағы да бір еңбек жарыққа шықты. Ол балетмейстер қойған «Эсмеральда» (1953) балеті [2]. В.Гюго романы толық қалпында балет сценарийіне көшкендігі айдан анық. Оның көтеріңкі стильдегі баяндауы мимикалық тұрғыда беріле алмады, патетикалық шегіністер мен авторлық монологтар жоғалып кетті, собордың тамаша кейпі – оның мұнаралары, құпиялы жолдары бар

тар айналмалы баспалдақтары, жасырын бөлмелері, қашалған грифтер мен горгондар, қоңыраулар симфониясы көрсетілмеген. Көне феодалдық Парижді әсем тілмен бейнелеу де жоқ. Тек барынша пәк, үсті-үстіне үйілген аса қорқынышты суреттемелер мен театрланған құштарлықтардан тұратын шытырман оқиғалар ғана қалған. Осы айтылғандар негізінде «Эсмеральданың» сахналық іс-әрекеттерінің сипаты айқындалады. Пантомимаға үлкен орын берілген, би өзіндік мәнін жоғалтқан, ол сюжеттік дамумен байланыстырылған, театрлық тұрғыдан орынды. Осылайша сығандар мен қайыршылар биі карнавалдық ойын, ал Эсмеральданың биі – оның мамандығы болып шыққан.

Д.Әбіровтің алдында қиын міндет тұрды, ол нағыз, көркемдік деңгейі жоғары әдеттегіден тыс спектакль қою еді. Бұны міндетті абыроймен орындап шықты. Режиссерлік шешімде спектакльдің қоғамдық мазмұнын ашу көзделген. Оның қойылымында жаны еркіндікті аңсап, бостандыққа ұмтылған сыған қызы Эсмеральда мен адал Квазимоданың бейнелері айта қаларлықтай тартымды жасалған. «Салмақты» іс-әрекет әзіл-сықақтық кірікпелерімен үзіліп отырады: екінші көріністегі Эсмеральда мен Гренгуардың көрінісі осының мысалы. Тек үшінші көріністе ғана қалыпты классикалық, таза декоративті би алдыңғы орынға шыққан. Сондай-ақ, осы көріністегі кордебалеттің көпшілік биі, Флер де Листің құрбыларымен биі өте әсерлі. Ал Эсмеральданың Феб де Шатонер мен Флер де Листің үйлену тойына келіп, үлкен қайғы мен өкініш жағдайында олардың алдында орындауға мәжбүр болған биімен ғана драматизм қайта көрініс берді, осылайша негізін XVIII ғасырда өмір сүрген ұлы француз балетмейстері Ж.Новерр қалаған «іс-әрекетті би» дәстүрі қайта жаңғырды.

Қойылымдағы орталық кейіпкер – Эсмеральда. Рөлді республикаға еңбек сіңірген артист Н.Викентьева орындаған. Ол өзінің қарапайымдылығымен, ой-санасының даралығымен айқындалған Фебқа деген махаббат сезіміне терең берілген. Биші жаңа ояна бастаған махаббаттан қысылып-қымтырылуы жалт еткенмен бірге, бақыт үмітінен тұтанған қуанышын да, қайғысын да әділетсіздікке деген қарсылығын шынайы суреттеген. Н.Викентьева тек қана келісті бишілігімен шектелмеген. Ол үнсіз, бет-әлпетіндегі өзгерістермен, қисынды қимылымен ымдарды өте мәнерлі пайдаланып, реалистік шынайы бейне жасады.

Спектакльде Эсмеральданың құрбылары сығандар тобыры ұтымды шыққан. Эсмеральданың анасы Гудулань рөлін нақышына келтіріп ойнаған – М.Головина. Оның партиясы балеттегі ең күрделі тұсы болғандықтан, хореографиялық бейнелеу құралдармен оның ішкі арпалыстары ашылуы шарт еді. Аса жауапты Квазимодо

рөлінде жауапкершілікті танытып, сезініп шеберлік танытқан – А. Бекбосынов. Ол аса қиын міндетті шешуге тура келді. В.Гюгоның адамды жиіркендіретін кейіпкерінің сыртқы ұсқынына қарамастан пантомима қимылы мен ым, ишарат тәсілі арқылы Квазимодоның мол рақымшылдығы мен қаһармандығы, жан тазалығы оның сыртқы пошымындағы оғаштығын ұмытуға мәжбүр еткен. Оның сараң қимыл-әрекеті өте мәнерлі шыққан.

Сонымен, Абай атындағы опера және балет театрында «Эсмеральда» балеті мол ізденістің нәтижесін көрсетті. Бұрын қойылған балеттерден мұның көркемдік сипаты бөлек және көрермен қауымды қанағаттандырған Д.Әбіровтің күрделі өнерді меңгеру жолындағы сүбелі еңбегі болды.

Д.Әбіровтің сахнаға шығарған ірі балеттерінің бірі - татар композиторы Ф.Ярулиннің музыкасына жазылған Ғ.Тоқайдың дастаны бойынша үш актілі «Шурале» (1956) балеті [3;4]. Балетмейстер «Шурале» балетін қою тұсында шығармалық ой-қиялының жүйріктігін танытып, тағы бір белеске көтерілді. Одан «Шурале» балеті бізді несімен қызықтырды? – деп сұраған кезде, ол былай деді: «Бұл, біріншіден, тамаша музыкалық материал, қызықты халық бейнелері және татардың классик ақыны Ғ.Тоқайдың поэмасы негізінде жасалған тақырыптың қазақ мәдениетіне жақындығы» [5].

Шурале - татар халқының кең таралған ертегісіндегі кейіпкер. Ол қалың орманның иесі, қайырымдылармен, жарқындарға қарсы, ол шайтандарды басқарушы, сиқырларды қолдаушы, ергежейлердің көсемі. Адамзатқа жатпайтын жан иелері. Орманның қара күшінің қолдаушысының зұлымдығымен жекпе-жек күресте күшті, батыл адамдар жеңіп шығады. Халық ертегісіндегі Шурале бейнесіне Ғ.Тоқай да көңіл аударған. Ақынның шығармалары және ертегілері «Шурале» балетінің либреттосын жасауға негіз болған. Оның авторлары А.Файзи мен Л.Якобсон либреттода қайырымдылық пен зұлымдықтың күресін баяндайды.

Сахнада керемет көрініс. Саятшылық сейіл құрып тойға келген жігіт сиқырлы дүниенің ортасына тап болады. Қай ағашқа жақындаса соған жан бітіп, аузы ашылып, көзінен от шашады. Төңіректің бәрі қыбырлаған жын-шайтан, бойы бұлтқа жетіп, аспанмен таласқан дыю, алба-жұлба, ақты-көкті жапсырған, алау-далау албасты, адам бейнелі, төбесінде мүйізі, сояудай тырнақты, қимылына көз ілеспейтін жезтырнақ. Осынша жат, тылсым дүниемен қолға түскен пері қызын құтқару үшін күресіп жүрген жалғыз жігіт. Осы бір ғажайып көріністі, қауырт оқиға желісін бастан-аяқ баяндап берген әсем қимылды бишілер ұршықша иіріліп, қайысша созылады.

Балетмейстердің еңбегінен классикалық би негізінде көре-

рмен адамның күш-жігері, қаһармандығы мен ерлігі, адамның ең күшті махаббат сезімін көреді. Жас батыр Али батырдың махаббатына бағынған қыз-құс Сүйімбике өзінің туған өлкесіне қайтуға қарсы шығып, сүйіктісімен қуаныш пен қайғыны жерде бірге бөлгісі келеді. Бірақ, зұлым Шурале Сүйімбикенің қанатынан ұстап алып орманға оралуын талап етеді. Ер жүрек жігіт қызды құтқарады. Қыз-құстың батырға деген махаббатына табиғат та бағынады: орман оты сөнеді, алтынмен көмкерілген орман, өзінің алтын жапырақтарымен Батырға және Қыз-құсқа ілтипат білдіреді.

Қоюшы бүкіл спектакль бойында тұтас өрілген әрбір би кейіпкерлердің сипатын психологиялық тұрғыдан шынайы және сенімді етіп, тереңірек аша түседі. Қойылымда жігері жалын атқан жас жігіттің қызға деген кіршіксіз махаббаты, өмірге құштарлығы шынайы бейнеленген. Ерлік, қайсар махаббат – балеттің сахналық мән-мағынасы, көркемдік мазмұны. Балет өзіндік бояуымен, бейнелі би тілімен және ырғақты музыкасымен көрерменді өзіне тартады. Мұнда біріншіден, өте жоғары кәсіби шеберлік пен драмалық рөлдер ұтымды шықты, екіншіден, біздің көрермендерге ұнайтын күлкілі сәттері де бар. Рөлдердің өзі сахналық айқындығымен, даралығымен шығарманың көркем-идеялық мазмұнын ашуына септігін тигізіп, қойылымның бөлінбес көркемдік бөлігі іспеттес.

Н.Гудочкина Сүйімбикенің бейнесін мәнерлі хореографиялық өлшемдерімен әсерлі сахналық ізденіспен жасаған. Ару қыз-құстың бейнесін терең бойлап, характер ерекшелігін әр қырынан ашқан. Сүйімбикенің билеушілік арқауы (лейтмотив) биік сезімдерімен, берілгендігімен, бақыт және махаббат туралы арманымен баяндалған. Бишінің айрықша ерекшелігі – жеңіл билеуі. Оның биі – нәзік пен қимыл ауысулардың үздіксіздігі, орындаудың биязылығы, не нәрсенің шегін сезіне алушылығы. Сүйімбике – нәзік ғашық жан. Оның орындауында қатаң хореографиялық әдіс, ырғақты және дара қозғалыс, суреттеменің анықтығы көрсетілген. Али батыр рөліндегі А.Асылмұратов шеберлікті жақсы меңгерген, оның сахнада сүйіктісімен шабыттана аса шебер орындаған күрделі секірістері өз кейіпкеріне өте лайықты секілді. Бишінің Али батыр бейнесі адами тұрғыдан көңілге қонымды. Оның билерінде ерлік қызуы да, ғашық және сүйікті еркектің сезім албырттығы да сезіледі. Ол өзіндік көркем бейнені дарыны және сымбатты тұлғасымен, жеңіл секіре білуімен, мінсіз тәсілімен актерлік орындаушылық қабілетімен сомдады. Оның орындаған Али батыры еркіндікпен әділеттілікке, өзінің таза махаббатына ержүректігімен дайын тұратын - жас халық батыры. Сүйімбике мен Али батырдың адажиосында ғашықтардың толық жарастығы, олардың арасындағы өзара терең түсінушілік сезімі айқын суреттелген.

Сондай-ақ, Ф.Ярулиннің музыкасы бишілер үшін кейіпкер психологиясын ұғынудың негізі болды. Балетмейстер бір кездері балетті қайта жаңғыртып қоюды армандаған екен.

60-жылдары қазақ балеті дамып, жаңа шығармашылық асулардан өтті. Бұл кезеңде өткен жылдардағы тәжірибелерді саралап, мазмұны терең сюжетті іздестіруге, бейнелеудің жаңа құрал-әдістерін іздестіруге тура келді. Осы орайда Д.Әбіров өткендегі табыстарына масаттанбай, солардың озық дәстүрлеріне сүйене отырып, бүгінгі күннің талабына сай шығарма жасаудың жолымен қарастырған. Сондай балетмейстерлік мақсаттың бірі – Д.Әбіровтің хореографиядағы қол жеткізген жаңашыл сипаттарын тағы бір тың қойылыммен байыту болатын. Осындай арқалы ойдан туған Назым Хикметтің «Махаббат туралы аңыз» (1963) пьесасының негізінде А.Меликовтың музыкасына қойылған Ю.Григоровичтың осы аттас балеті [6].

Қазақ сахнасында бұл балетті Д.Әбіров Ю.Григоровичтың хореографиясына сүйене отырып қоюшылық шеберлігін жақсы көрсете білді. Балетмейстердің қазіргі хореографиялық өнердің көптеген көкейкесті мәселелеріне жауап бере алатын Ю.Григоровичтың «Махаббат туралы аңыз» балетін қазақ театр сахнасына шығару туралы ұмтылысы тартымды көрік беріп отырды. Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының «Махаббат туралы аңыз» балетін қоюын театр жұмысындағы спектакль қоюдағы бір сатысы десек, ол артық айтқандық емес, себебі осындай күрделі шығарманы меңгеріп, балет ұжымы өздерінің кәсіби шыңдалғандығын, осындай қиын шығармашылық міндетті шешкенін танысты. Бұл балеттің Д.Әбіровтің қоюымен ғана лайықты орын алғанына тек қуануға болады. Балеттің табысын халықаралық сыйлықтың жүлдегері Н.Хикметтің либреттосы анықтады, актерлердің техникалық мүмкіндіктері, олардың таланттары, кордебалет артистерінің де еңбектерін, табыстарын айтпай кетпеуге болмайды. Талантты жас әзірбайжан композиторы А.Меликовтың музыкасы шығыс әуендерінің ырғағымен әдемі үйлескен.

Балеттің би мәтінінің негізі - классика. Спектакльде үзіліссіз, тұтас әдемі классикалық би. Жеке биші мен кордебалеттің «Алтын» және «Су» билерін көрсететін сәттері өте көркем. Бұл балетте дивертисменттік билер аз. Хореография үлкен психологиялық ауырлықты сезінеді. Балетмейстер классикалық билерді негізге ала отырып, оған шығыс хореографиясының элементтерін енгізді (мысалы, шығыс биіне тән қол қалпы, иық қимылы т.б.), сондықтан балетте өзіндік тапқырлықты сездірді, жаңалығымен қуантты. Шырын мен Фархадтың дуэт биі әдемі (С.Көшербаева және В.Васильев). Мәселен, ғашық бозбала Фархадтың жоғарыға бейқам қарғып барып, мысық тәрізді жұмсақ жерге қонуы, қолдардың дөңгелете шығыстық қимыл жаса-

уына құрылған пластикасының арқауы (лейтмотивті) қаһарманның рухани өсу кезінде жігерлі сенімділікке, графикалық нақты позада айқын болуына, сараң әрі дәл ым қимылдарына, шешімді болуға, секірістер мен дөңгелектеулерге, ұмтылыстарына ұласады. Шырын мінезінің ішкі эволюциясына да сәйкес пластикасын жетілдіре түскен. Шырынның әзілді-бірбеткей, нақышты музыкалық тақырыбы спектакль басында орындалатын ерке де тентектеу қыздың би мінезінен көрінеді. Сахнада қарақұйрық тәрізді жеңіл секіріп, тізеден бүгілген аяқтарын барынша жоғары жинап барып жерге созылықы табанмен қадала түседі, қолдар кеудеге жабысқан, ал қол буындары назды қалыпта. Шырын өз өміріне келіп енген бейтаныс, шуақты сезімге таң қалып тұрғандай. Фархад пен Шырынның алғашқы кездесуіндегі дуэттік би жылдам және жай екі бөлімнен тұрды. Жылдам бөліміндегі музыка Прокофьевтің Джульетталар-қыздар тақырыбын еске түсіргендей. Ал, жай бөліміндегі (адажио) тақырып Фархад мен Шырынның бір-біріне деген махаббатын білдіріп тұрды.

Балетте хореографиялық драматургия өте бай. Мұнан үлкен де күрделі көпшілік сахнасын, үлкен адажио, жеке вариациялар мен монологтарды, әртүрлі дуэттарды, сан қилы қимылдардағы жеке бишілер мен кордебалеттің әрекеттерін көруге болады. Балеттің ұтымды қойылған тұсы Шырынның бес адажиосы орындалатын көрініс. Балетмейстер оның махаббат, сағыныш сезімдерін демеу (поддержка) тәсілі арқылы дуэт биі түрінде көрсеткен. Ал, айырылысу дуэті «Жол», армандау көрінісі «Су» - деп аталатын би композицияларымен, мәңгілікке қоштасу дуэт биін халықтың қатысуымен түсіндіруге ұмтылғаны балетмейстердің мол ізденісінің қомақты нәтижесі. Мехменэ Банудың би сахнасын оның Бейтаныспен, уәзірмен, Фархадпен билері ашады. Ол өзінің екі монологымен спектакльдің барлық көпшілік сахнасына да қатысады. Фархадтың биінде жігіттермен биі, батырлық көрінісі, арманы, нақты шешімі әсерлі шыққан. Осындай балеттің көп түрлі би-драматургиялық үлгісі басқа балеттердегі басты кейіпкерлердің партиясынан өзінің жан-жақтылығымен өзгеше.

Уәзір балет оқиғаларының толық ашылуына мүмкіндік туғызды.

Балеттің осы сияқты жақсы қасиеттерімен бірге айтарлықтай кемшіліктері де болды. Ю.Григорович қойылымының негізін сақтай отырып, жекелеген фрагменттерге өз шығармашылығы тұрғысынан келіп, шығыс аңызына ұлттық бояу беруге тырысқан балетмейстер Д.Әбіровтің ойластыруында Мехменэ Бану атты әскерінің би көрінісі қазақ билерінің би қимылдарымен көрсетіледі. Содан шауып келе жатқан аттың шабысы көрінбей қалды. Сонымен қатар, спектакльдің декорациялық безендіруі шығарманың көркемдік мазмұнына сай кел-



меген. Сахна ортасына жайғастырылған үлкен кітапта араб әрпімен жазылған жазу бар. Декорацияларды суретші В.Вирсаладзе эскиздеріне сүйеніп В.Семизоров орындаған. Бірақ, суретші қазақ балет сахнасының үлкен шебері бола тұрса да, қажетті бояу түстерінің барлық нюанстарын бере алмаған.

Сонымен, «Махабат туралы аңыз» балеті театрдың репертуарлық кезеңдік табысы бола алмаса да, астана жұршылығы оны сәтті қойылым және Д.Әбіровтің елеулі ізденісі болды деп бағалады. Мұны қазіргі хореография өнерінің озық үлгілеріне ұмтылысы және ұлт балетмейстерлерінің шығармашылық жұмыстарының өрлеуіне өзіндік қолтаңба қалдырды деп айтуға болады.

Д.Әбіровтің тағы бір үш көріністі балеті «Қарт Хоттабыч» (1968) Л.Лагинның повесть-ертегісі бойынша қойылған. Мұның музыкасын жазған композитор А.Зацепин, либреттосын өзі жазған [7]. Шығарманың тақырыбы халықтар арасындағы достық пен жарқын өмір үшін күресті суреттейді. Қарт Хоттабыч халық даналығының бейнесі ретінде ғажайып ертегі ретінде көрінеді. Либретто желісі «1001 түн» ертегісіндегі теңіз түбінен мыс ыдыс тауып алатын балықшылар оқиғасына сәйкес. Оның ішінде өзін құтқарған жанға шексіз байлық сыйлауға ант берген құдіретті сиқыршы жын екі мың жылға жуық теңіз түбінде шаршап-шалдығып жатады.

Балет театрдың астана балаларына үлкен, қызықты сыйы болды. Талантты суретші В.Семизоровтың Мәскеу қаласының панорамасы, өзеннің бейнелі көрінісі жас көрермендердің қуанышы мен шаттығын шалқытты. Шығыс базарының көрінісі, Волька мен Хоттабычтың кілем ұшақпен сапары, тағы басқа ғажайып көріністер олардың балалық көңілін тасытты. Спектакльді қызу қабылдауы балеттің балаларға ұнағаны деп қараған жөн. Олқы тұстары да кездеседі. Соған қарамай спектакльдің А.Зацепин музыкасында негрлердің, египет қыздарының нәзік-лирикалық биі, вьетнам саудагерлерінің құдіретті де жігерлі билері өте әсерлі шыққан. Автордың тағы бір ерекше жетістігі барабанмен билейтін үнді биі. Нәзік те, жұмсақ Иринка биінің әуені полька тектес орыс биімен қатар жүргендіктен мазмұнына сай келмеген. Балетте ұшқыр ой мен үйлесімді пантомима жанды музыканың қолдауымен өтетін әзіл-оспақ жетіспейді.

Суретші В.Семизоров пайдаланған жарық проекциясы өте жақсы әсер қалдырды. Сонымен қатар, Хоттабычтың балаларға сыйлаған пионерлер сарайының орнына қазіргі заманғы құрылысқа ешбір ұқсамайтын ұсқынсыз боялған сахнаның артқы шымылдығының темір арқан арқылы төменнен жоғарыға көтерілуі таңқаларлық жәйт. «Қарт Хоттабыч» балетінің қойылымындағы кемшіліктер бұл табысты жұмыстың мәні мен кезеңділігін жоққа шығара алмады.

Көпшілік жаңа премьераны жылы қабылдап, Абай атындағы опера және театрында балеттің ұзақ сақталғанына және болашақта әрі қарай жетілдірілетіне сенім білдірді.

Д.Әбіровтің балаларға арналған К.Чуковскийдің ертегісі бойынша П.Аболимовтың либреттосына қойылған И.Морозовтың «Доктор Айболиті» және Артектегі бақытты балалар өмірін баяндайтын және осы балалар Ұлы Отан соғысында Отанын қорғаған жастар бейнесін әңгімелейтін А.Спадавеккианың музыкасына В.Бурмейстердің хореографиясы бойынша қойылған «Бақыт жағалауы» балеттері де театр сахнасынан өз орнын тапқан ірі дүниелер. Ал, үш актілі, төрт суретті прологы мен эпилогы бар «Аэлита» балеті осы аттас А.Н.Толстойдың романы бойынша қойылған қызықты қойылым еді. Бұл автордың қазіргі заманғы өмірді, әлемде өтіп жатқан тарихи құбылыстарды баяндаған ғылыми-фантастикалық сюжеттің негізінде жазылған. Балетке арнап либретто жазған Т.Демина. Марс планетасында өткен оқиға көрсетіледі. Д.Әбіров достық пен бейбіт өмір үшін күресті би тілінде көрсетуге ұмтылған. Осы аталған балеттер сол кезде кішкентай көрермендеріміздің көркемдік қабілетін оятты, осы өнер арқылы да қиял-ғажайып ертегілерді тамашалай алды. Жалпы балаларға арналған балет қойылымдары әлі күнге дейін қазақ балет театрының өзекті мәселелерінің бірі болып келе жатқанын Г.Т. Жұмасейітова өз мақаласында [8, 121-124 б.] көрсеткен болатын. Ол қазақ балаларына арналған «Айдаһар мен Қарлығаш», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» балеттерін талдай келе: «...Қазақ балетінің жылнамасы үшін бұл тарихи оқиға. Ұлттық балеттің жолы оңай емес, солай бола тұра бұл спектакльдер мұндай жанрдың би сахнасы үшін қажеттілігін айқындап отыр», - деген орнықты пікірі айтылған еді. Бұл саладағы қазақ хореографтарының кемшілігі - балаларды ұлттық музыка, фольклор және би мәдениетімен таныстыруды мақсат етіп алмағанын айтуға болады. Ал, Д.Әбіров осы өзекті мәселеге сол кездің өзінде көңіл бөліп, балаларға арналған балет қойылымдарының өсуіне зор үлес қосты.

Кейіннен Д.Әбіровтің репертуары молайды және алуан түрлі болды. Оны А.Асафьевтың «Бахшасарай фонтаны», А.Аданның «Жизели», А.Глазуновтың «Раймондасы» тәрізді ірі балет қойылымдары қызықтыра түсті, қалыптасқан дәстүрге қарамастан, балетмейстер бидің өмірге лайық жаңа көркемдік тәсілдерін тапты. Оны әлем балет өнерінің бұлақ көздерінен еркін қанып ішкен шебер деп тануға болады.

**Әдебиеттер:**

1. ЦГА.РК. 1841. о.1.д.163. Протоколы заседания художественного совета театра 2.02.1952 г. Прием спектакля «Юность», поставленного режиссером-балетмейстером Абировым Дауреном.
2. ЦГА.РК. 1841. о.1.д.163. Протокол № 4 художественного совета. 1952 г.13 декабря. Обсуждение экспозиций балета «Эсмеральда».
3. ЦГА.РК. 1841. о.7.д.235.Протокол заседания художественного совета театра.
4. ЦГА.РК.1841. о.1.д.333. Книга учета спектаклей театра.
5. На сцене Шурале. // Южный Казахстан. 1965 г. 28 марта.
6. ЦГА.РК. ф.1841. о.7.д.334. Статьи, рецензий о постановке балета А.Меликова «Легенда о любви».
7. ЦГА.РК. ф.1841. о.1. д.241. Либретто балета «Старик Хоттабыч».
8. Жұмасейітова Г. Балет сахнасында ертегі. // «Әуезов оқулары» атты II Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – 121-124 бб.

**References:**

1. CGA.RK. 1841. о.1.d.163. *Protokoly zasedanija hudozhestvennogo soveta teatra 2.02.1952 g. Priem spektaklja «Junost'», postavlennogo rezhisserom-baletmejsterom Abirovym Daurenom. (In Russ.)*
2. CGA.RK. 1841. о.1.d.163. *Protokol № 4 hudozhestvennogo soveta. 1952 g.13 dekabnja. Obsuzhdenie jekspozicij baleta «Jesmeral'da». (In Russ.)*
3. CGA.RK. 1841. о.7.d.235.*Protokol zasedanija hudozhestvennogo soveta teatra. (In Russ.)*
4. CGA.RK.1841. о.1.d.333. *Kniga ucheta spektaklej teatra. (In Russ.)*
5. *Na scene Shurale. // Juzhnyj Kazahstan. 1965 g. 28 marta. (In Russ.)*
6. CGA.RK. f.1841. о.7.d.334. *Stat'i, recenzij o postanovke baleta A.Melikova «Legenda o ljubvi». (In Russ.)*
7. CGA.RK. f.1841. о.1. d.241. *Libretto baleta «Starik Hottabych». (In Russ.)*
8. *Zhumasejítova G. Balet sahnasynda ertegi. // «Auezov oqulary» atty II Halyqaralyq konferencija materialdary. – Almaty, 2004. – 121-124 bb. (In Russ.)*